Тасқынға тосқын керек
2-бет

Қаламгерлер ұстаханасы
9-бет

Ел дамуының драйвері
10-бет

EGEMEN QAZAQSTAN

10 ҚАҢТАР 2024 ЖЫЛ, СӘРСЕНБІ №6 (30735)

Мемлекеттілік мінбері

www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

БОЛЖАМ

Мұнай экспортының мүмкіндігі

Қазақстанның басты экспорттық маршруты саналатын Каспий құбыр консорциумы (КТК) арқылы былтыр 63,4 млн тонна мұнай жөнелтілді. Бұл 2022 жылдың көрсеткішінен 4 762 749 тоннаға артық және КТК тарихындағы ең жоғары көрсеткіш болып тіркелді. Мұнайдың басым бөлігі, яғни 56 051 967 тоннасы Қазақстан территориясынан жіберілді.

Абай АЙМАҒАМБЕТ,
«Egemen Qazaqstan»

Әрине, елдегі мұнай өндірісінің маңызды драйверлері Теңіз, Қашаған, Қарашығанақтың үлесі аса мол. Теңізден – 27 463 081 тонна, Қашағаннан – 17 897 972 тонна және Қарашығанақтан 9 619 452 тонна КТК-дағы контейнерлерге тиеліп, Еуропаға жіберілген. Өзге кен орындарының жиынтық үлесі – 1,1 млн тонна.

Сарапшылардың біразы ел Үкіметі белсенді түрде балама маршрут іздеп жатқанына қарамастан, жақын жылдарда КТК арқылы жасалатын экспорт көлемі тек өсе түседі деп есептейді.

Мұнай-газ саласының сарапшысы Абзал Нарымбетовтің айтуынша, жақын арада КТК арқылы жүзеге асырылатын экспорт толастамайды, оған ең бірінші себеп – үш ірі кен орнынан келіп түсетін жоғары деңгейдегі (бүкіл экспорттың 88 пайызы) мұнай көлемі.

«Екіншіден, ол компанияларда келісімшарт бойынша экспортқа қатысты басым құқық бар, оған мемлекет әсер ете алмайды. Мысалы, үш алпауыттан басқа кен орындарына мемлекет 30-дан 70 пайызға дейін квота береді. Ішкі нарықта мұнай құны 70 пайызға арзан болғандықтан, мұнайды экспортқа жіберу акционерлер үшін тиімдірек. Үшіншіден, КТК ең жедел және үнемді маршрут болып қала тұрады. КТК арқылы отандық мұнай экспортының едәуір үлесі үлкен тәуекел тудыратынына назар аударғым келеді. 2022 жылы Новороссийск маңындағы КТК теңіз терминалының жұмысында қандай іркілістер болғаны есімізде. Соның салдарынан тиеу тоқтап, мұнай айдау төмендеді. Бізде экспорттық түсімнің 60 пайызы мұнай сатумен байланысты. Мұнай айдаудың кез келген тежелісі мен төмендеуі біздің экспортты осал етеді. КТК жағдайында бұл, ең алдымен, акционерлер үшін үлкен тәуекел және ел экономикасы үшін елеулі сын-қатер болуы мүмкін», дейді сарапшы.

Бұған дейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылы КТК өткізу қабілетін жылына 80 млн тоннаға дейін жеткізу жоспарланып отырғанын айтқан еді.

«2001 жылдан бері Каспий құбыр консорциумы арқылы 860 млн тоннадан астам қазақстандық мұнай экспортталды. Осы уақыт ішінде КТК-ның өткізу қабілеті 2,5 есе өсті – жылына 67 млн тоннаға дейін. 2024 жылы аталған көрсеткішті 80 млн тоннаға дейін жеткізу көзделіп отыр. Көмірсутектерді өндіруден басқа, оларды әлемдік нарықтарға тасымалдау үшін инфрақұрылым құру да үлкен маңызға ие. Бұл жобаны іске асыруға Chevron, Eni, Shell, «Лукойл» және басқа да трансұлттық мұнай-газ корпорациялары қатысты», деді Президент.

(Соңы 5-бетте)

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Алматы облысының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Алматы облысының Іле ауданы одан Жетіген ауылын бөлу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Алматы облысы Іле ауданының Жетіген ауылы облыстық маңызы бар қала санатына жатқызылсын және оның атауы Алатау қаласы болып өзгертілсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтың 1 және 2-тармақтарын іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

4. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 9 қаңтар
№ 432

ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының өкімімен Айдос Сәкенұлы Мырзахметов Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері Арнайы операциялар күштерінің қолбасшысы лауазымына тағайындалды.

АЛАҢДАТАРЛЫҚ АХУАЛ

Екібастұздағы жылыжай жабылмаса игі

Екібастұздағы «Greenhouse Qaztomat» компаниясында күрделі жағдай қалыптасты. Ұйымның жылыжайларында өсірілген қызанақтың жаңа гибридті түрін жергілікті өсімдік карантиніне жауапты мекемелер жою туралы ұйғарым жасаған. Салдарынан жылыжайдың үштен екісі карантинге жабылып, кәсіпорын 1 млн доллар шығынға батқалы отыр.

Мұрат ҚАПАНҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл басында «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында: «Экономиканың өсімін ынталандыру шаралары мен құрылымдық реформалар қатар жүруі керек. Нақтырақ айтсақ, кәсіпкерлік пен бәсекені дамыту, жекеменшікті қорғау, әділ сот төрелігі болуы өте маңызды. Сонда ғана көздеген мақсаттарымыздың бәріне қол жеткізіп, белгіленген мерзімде ұлттық экономика көлемін екі есе ұлғайта аламыз», деп нақты айтқан болатын.

Алайда бүгінде отандық агроөнеркәсіп саласында кейбір озық ғылыми ізденістер мен жаңа гибридті сұрыптарды енгізу жауапты министрлік тарапынан қолдау таппай отырғаны байқалады. Бұған Екібастұздағы жылыжай кешенінің басына төнген келесі ауыртпалық толық мысал бола алады.

Мәселені асықпай баяндасақ. 2015 жылы Иордания мемлекетінде алғаш тіркелген «Tobamovirus (ToBRF) – қызанақ жемістерінің қоңыр қатпарлы вирусы» бүгінде әлемдегі жылыжай саласы үшін өте қауіпті болып тұрғаны анық. Вирус Израильде, Мексика мен Қытайда, кейіннен АҚШ пен Еуропа елдеріне тарап кетті. Қызанақ пен бұршақ егетіндер үшін өте қауіпті. Жоғары патогенді әрі ұзақ уақыт бойы тұқымдарда, өсімдіктерде өміршең болып қала береді. Жылыжай алқаптарына түссе, бір аптаның ішінде өсімдіктерді тып-типыл етіп құртады. ToBRF жаңа вирус түрі болғандықтан, Карантин мен өсімдік қорғау жөніндегі Еуропалық және Жерорта теңізіндегі ұйымының арнайы тізіміне алынған. Соған орай Еуропа мен ТМД мемлекеттері одан сақтанудың, ел аумақтарында таралып кетуінің алдын алу іс-шараларын тұрақты жүргізіп келеді.

Өкінішке қарай, бұл вирустың емі жоқ. Әлемдегі қызанақ өсірушілер вирусқа қарсы күш біріктіріп, небір препараттарды қолданып көрген. Нәтиже болмады. Өсіп тұрған өсімдікке түссе, жапырағы өз бетімен сарғайып, кейін толық қурап өледі. Ғалымдар, тіпті оның қоздырғышы 100 градус температурада ғана жойылатынын анықтаған.

(Соңы 5-бетте)

БҮГІН – ҰЛТТЫҚ ҰЛАН КҮНІ

Ел тыныштығының алдаспандары

Мемлекеттің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етпей, елдік реформаларды табысты іске асыру мүмкін емес. Бұл міндетті орындауда 10 қаңтарда құрылғанына 32 жыл толатын Ішкі әскерлердің құқықтық мирасқоры – Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы зор рөл атқарады.

Ел басшылығының қолдауымен осы жылдар ішінде Ұлттық ұланды кәсіби дамыту жолында ауқымды іс-шаралар жүзеге асырылды. Басқару тәсілін нығайту үшін өңірлік қолбасшылық жүйе құрылды. Әскерлердің түрлі құрамын даярлау сыннан өтті.

2014 жылы Ішкі әскерлерді Ұлттық ұланға айналдыру туралы шешім қабылданды. Бұл ұйғарым елдегі әскерлерді дамытудың маңызды кезеңі саналады. Нәтижесінде, ірі құрылымдық қайта құру үдерісі жүргізілді. Биыл көктемде осы тарихи оқиғаға 10 жыл толуының символдық мәні бар.

Таяуда «Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған бағдарламалық сұхбатында Мемлекет басшысы сын сағаттағы халықтың бірлігі, кәсіби және азаматтық жауапкершілігі елдің тұрақтылығына себепші екенін атап көрсетті.

Бүгінде құқықтық тәртіп әскерлері – ішкі істер органдарының негізгі күштік құрамдас бөлігі және мемлекеттің қоғамдық қауіпсіздікке жауапты жүйесі. Кейінгі жылдары туындаған күрделі оқиғалар мен олқылықтардан біз ащы сабақ алдық, қорытындылар жасалынды.

Ел Президенті – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатаң талабы аясында Ұлттық ұланды одан әрі дамытудың негізгі бағыттары айқындалды. Әскерлерді сапалы және сандық тұрғыда нығайту үшін Ұлттық ұланды дамытудың 2021-2027 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілді.

(Соңы 6-бетте)

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: **EUR/KZT** 495.97 **USD/KZT** 453.19 **RUB/KZT** 5.02 **CNY/KZT** 63.3